





# АУҒАН СОҒЫС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ – ҚАҒАРМАН



нан табылды. Оған қоса, мыңдаған жас азамат жат елде жан тапсырып, қаншамасы жарақатпен оралды. Бір сөзбен айтқанда, оқ пен оттың ортасынан оралған ардагерлер үшін Ауғанстан жазылмас жан жарасына айналды. Сондықтанда жас буынға ауған ардагерлерінің өжеттігін үлгі етуіміз керек.

Осы атаулы күнге орай Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінде «Есімде ауған соғысы» атты кездесу кеші өткізілді. Шараға Алдабергенов ауылдық округінің ауған соғыс ардагерлері, мекеме ұжымы мектеп оқушылары қатысты. Іс-шараның мақсаты – ауған соғысының ардагерлеріне құрмет көрсету, олардың жат елде Отан алдындағы интернационалдық борышын өтеу кезіндегі ерлік жолдарын дәріптеу және жанқиярлық ерліктерін үлгі тұту арқылы мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілердің бойындағы отаншылдық сезімді одан әрі арттыру болып табылады. Кеш шымылдығы Өнұранмен ашылып, ауған соғысында ерлікпен опат болған интернационалистік жауынгерлердің рухына тағзым ету үшін, бір минуттық үнсіздікпен еске алу тұрғысында басталды. Кездесу барысында патриоттық әндер шырқалып, өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан ауған соғыс ардагерлері өткен күнді еске алып, тағылымды әңгімелерімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап беріліп, болашақ жастардың тәлім-тәрбиесі жайлы ой өрбітті. Іс-шара соңында ауған соғысының ардагерлерін ортаға алып, естелік суретке түсті.

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Күні кешегі Кеңес дәуірінің кереғар саясатының салдарынан тарих бетінде қалдырған Ауған соғысының аяқталғанына 35 жыл толады. 1979 жылдың 25 желтоқсанында КСРО Қорғаныс министрінің берген бұйрығымен Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізуге шешім шығарылды. «Интернационалдық борышын өтеу керек» деген үкіметтің өкінішті ұранының арқасында енді ғана, 18-ге толған ер-азаматтар ауған соғысына аттанады. Соның ішінде 18-і Нұрмолда Алдабергенов ауылынан қатысады.

- Атап айтқанда:
1. Касеинов Жанат
  2. Мырзақұлов Мұқан
  3. Тастанов Ділмұқан
  4. Ахметов Болат
5. Боранбаев Асқар
  6. Оразалинов Серік
  7. Имағанбетов Марат
  8. Шоқбарбасов Дәулетжан
  9. Тастанов Руслан
  10. Жоламанов Нұрлан
  11. Мұхамжанов Берік
  12. Ақылов Жанат
  13. Есбосынов Нұржан
  14. Базарбаев Төлеген
  15. Серіков Айдар
  16. Төлепберген Жанат
  17. Жарманов Қанат
  18. Шыныбеков Арын

Ауған жерінде қару асынып, мұң арқалаған сын сағаттарда бірін-бірі бауыр дескен ауылымыздың азаматтары атақ-даңқ үшін емес, тыныштықты қорғаймыз, соғыс өртің өшіреміз деп қанды қырғынның ортасынан бір-ақ шыққан еді. Интернационализм идеяларын бойына сіңірген олар Отан алдындағы борышын адал атқарған жас сарбаздар осынау үлкен саяси ойынның бел ортасы-

Г.Е. ШАЙМУХАНБЕТОВА,  
Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі



## ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫНА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ

Ескелді ауданы Алдабергенов ауылына газ құбырын тарту жұмыстары аяқталып, бүгін елді мекенге көгілдір отын берілді. Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов өз сөзінде тұрғындарды құттықтап, қазіргі таңда халықтың бірінші кезекте шешуді қажет ететін мәселелеріне, соның ішінде табиғи газбен қамту мәселесіне басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, Ескелді ауданында 33 елді мекен бар, оның 21-і газдандыруға жатады. Бүгінгі күні ауданда Алдабергенов ауылын қоса алғанда 5 елді мекен газдандырылған, Оларда жалпы саны 6200-ге жуық абонент бар. Келесі кезекте Бақтыбай ауылын газға қосу жоспарланған. Қазір ауданның 11 ауылында газ тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл елді мекендерді газға қосу жыл соңына дейін кезең-кезеңмен іске асырылатын болады. Сонымен қатар 3 елді мекенді газдандырудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Соның нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін ауданның 41 мың тұрғыны бар 21 елді мекені табиғи газға қол жеткізеді.

Төрт мыңнан астам тұрғыны бар Алдаберген ауылына тартылған газ желілердің ұзындығы - 107 км. Жобаның құны – 756,5 млн. теңге. Газ құбырының құрылысын «Компания ГазСтрой» ЖШС жүргізді.

ЖШ АҚПАРАТ

# «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІ» ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ



Қазақстан Республикасы электрондық үкіметінің порталы — мемлекеттік қызметтер туралы ең қажетті ақпарат алуға бірыңғай қол жеткізу нүктесін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметтер мен сервистерді электрондық түрде ұсынатын, ақпараттық – анықтамалық интерактивтік веб портал. Қарапайым тілмен жеткізіп көрсек, электрондық үкіметтің порталы – ол сіз бен біздің күнделікті электрондық цифрлы қолтаңба арқылы өзімізге қажетті мемлекеттік қызметтерді алатын egov.kz порталы.

Бұл дегеніміз мемлекеттік қызметтерді алу барынша автоматтандырылған, оңтайландырылған, қоғамның әрбір мүшесіне әлеуметтік коммуникация шығындарын төмендету мақсатына қызмет ететін электронды жүйе. Еліміздің әрбір азаматы «Электронды үкімет» веб-порталына «пайдаланушы кабинетін» ашу арқылы тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық қызметті алу мүмкіндігіне ие болады.

Электрондық үкімет порталы мемлекеттік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қызметтерді қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өз бетінше «оқшау өмір сүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растама секілді өзге де қағаздарды жиі алу үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелер табалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін. Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында қағаз түрінде көрсетілетін қызметтер күрт төмендеді.

Электрондық үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Қазіргі таңда электрондық цифрлық қолтаңбаны смартфонда сақтай отырып, электрондық үкіметтің мобильдік қосымшасы арқылы онлайн қызметтерді алуға болады. Бұл – кезек күтпей, уақыт үнемдеудің ең тиімді жолы. Бұл Халыққа қызмет көрсету орталықтарына және мемлекеттік қызметтерді көрсететін органдарға баратын адамдардың санын мейлінше азайтады. Соңғы уақытта ауыл тұрғындарының электрондық түрде қызмет алуы күннен күнге ұлғаяды.

А.Т.Жунусова  
«Жалғызғаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

# МӘМСАРҚЫЛЫ ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ?

МӘМС жүйесінде сақтандырылған адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ұсынатын медициналық көмектің кеңейтілген спектріне ие болады.

- МӘМС келесі медициналық қызметтерді қамтиды:
- профилактикалық медициналық тексерулер;
  - учаскелік дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы маманданған дәрігердің қабылдауы және кеңес беруі;
  - созылмалы дертке шалдыққан жандардың бейінді мамандардың бақылауында болуы;
  - уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсету;
  - халықтың белгілі бір категориясына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсету;
  - диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораториялық диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ);
  - мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы, стационарлық медициналық көмек;
  - медициналық оңалту;
  - стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.
- «Сақтандырылған» мәртебеңіз бола тұра, емханада медициналық көмекке жүгіну кезінде қиындықтар туындаса бірден пациенттерді қолдау қызметіне (әрбір емханада бар) немесе Қордың ресми байланыс арналары арқылы өтініш қалдыра аласыз: колл-орталық 1414, Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы, Қор филиалы + 7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

# ЧТО МОЖНО ПОЛУЧИТЬ БЕСПЛАТНО ЗА СЧЕТ ОСМС?

Люди, имеющие статус застрахованности в системе ОСМС, получают расширенный доступ к медицинской помощи обязательного социального медицинского страхования.

- В ОСМС входят следующие медицинские услуги:
- профилактические медицинские осмотры;
  - прием и консультации врачей узкого профиля по направлению участкового врача;
  - динамическое наблюдение профильными специалистами лиц с хроническими заболеваниями;
  - оказание стоматологической помощи в экстренной и плановой форме отдельным категориям населения;
  - диагностические услуги, в том числе лабораторная диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ);
  - специализированная, в том числе высокотехнологичная, стационарная медицинская помощь;
  - медицинская реабилитация;
  - обеспечение лекарственными средствами, при оказании специализированной медицинской помощи в стационарных условиях.
- «Если при наличии статуса «Застрахован» возникают вопросы или проблемы с получением медицинской помощи в поликлинике можно незамедлительно обратиться в службу поддержки пациентов (есть в каждой поликлинике) или оставить обращение через официальные каналы связи Фонда: колл-центр 1414, мобильное приложение Qoldau 24/7, филиал Фонда по области Жетісу по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.









